Сатып алу, сақтау, тасымалдау, әкелу және әкету ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 448 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн еткен соң, бірақ 2012.01.30 ерте емес қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған сатып алу, сақтау, тасымалдау, әкелу және әкету ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 448 қаулысымен бекітілген

Сатып алу, сақтау, тасымалдау, әкелу және әкету ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын түрлі-түсті бейнедегі көбейту-көшіру техникасының тізбесі

Айыру қабілеті, оның ішінде 1 дюймге (dpi) 1200 нүкте және одан жоғары интерполяция мүмкіндігі немесе 1 дюймге (lpi) 150 растрлық нүкте және одан жоғары линиатурасы бар төрт және одан да көп түсті пайдалана отырып, басудың мынадай:

1) ксерографиялық;

2) сублимациялық;

3) балауыздың негізінде сиямен термиялық жазу;

4) бүріккіш технологиясы бар түрлі-түсті бейнедегі толық түсті көбейту-көшіру техникасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК